

Линдафер плюс

ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАСЫН ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Құрамы: 1 капсуласының құрамында:	мг	% ҰТД*
Темір бициглинаты (Albion™ амин қышқылының хелатынан) оның ішіндегі темір	140 28	200**
L- аскорбин қышқылы – С дәрумені	40	67*
Цианокобаламин В12 дәрумені	2,5 0,0025	0,25
Пиридоксин гидрохлориді – В6 дәрумені	1,4 1,40	70
Птерилмонототаминді қышқыл – фолий қышқылы	0,45 0,40	200*

қосымша заттар: желатин (бұқаның терісінен), микрокристалдық целлюлоза, мальтодекстрин, май қышқылдарының магний тұздары, титан диоксиді (E171).

ТР ТС 022/2011 Келендік Одақтың Техникалық Регламенті «Азық-түлік өнімдері оларды таңбалау бөлімінде» 2- қосымша - * ұсынылған тәуліктік тұтыну деңгейінен және БСЭГТ- 1-бөлім, 5- қосымша - * тұтынудың баламалы деңгейінен және ** тұтынудың рұқсат етілген жоғары деңгейінен аспайды.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ:

ЛИНДАФЕР ПЛЮС - тағамға биологиялық белсенді қоспа, тағамға биологиялық белсенді қоспа, құрамында Ferrochel™ патенттелген аминқышқылды темір хелат кешені бар және темірдің, фолий қышқылының және С, В6, В12 дәрумендерінің қосымша көзі ретінде ұсынылады.

ЛИНДАФЕР ПЛЮС құрамындағы темірдің айырмашылығы-фолий қышқылы мен С, В6, В12 дәрумендерінің құрамында бола отырып, жақсы сіңеді және ағзаға оңай тасымалданады және толығымен гипохлоридтенді.

Сондай-ақ, Ferrochel™:

- FDA тағайындаған GRAS сертификатын иеленген (толығымен қауіпсіздік белгісі)
- EFSA (тағам өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша Еуропалық орган) оң қорытындысын иеленген.

Темір қызыл қан денешіктері – эритроциттердің түзілуі және қалыпты қызметі үшін қажет, В6, В12, С дәрумендерімен қоса гемоглобиннің және эритроциттердің қалыптасуында өзекті роль атқарады. Темір иммундық жүйенің қызметін қолдайды. Темірге қажеттілік етеккер алды кезеңінде, жүктілік пен өмізу кезеңінде, сондай-ақ, дене белсенділігінде едәуір артады.

С дәрумені өсімдік тектес өнімдерде болатын темірдің қиын сіңетін түрлерінің сіңірілуіне ықпал етеді, бұл темірдің жалпы сіңуін және әрі қарай қан өндірімі ағзаларына түсуін арттырады.

В6 дәрумені гемоглобиннің түзілуінде және ақуыздық алмасуда қатысады және жүйкелік, иммундық жүйелердің қалыпты қызмет етуінде аса маңызды.

В12 дәрумені эритроциттердің түзілуінде қатысады және фолий қышқылымен бірге жасушалық бөліну үрдісінде маңызды роль атқарады.

Фолий қышқылы шаршау және қажу сезімін азайтуға көмектеседі, иммундық жүйені қолдайды. Сондай-ақ, жүктілік кезінде ана организмінде тіндердің қалыпты өсуіне ықпал етеді және эритропоэзге қатысады.

ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:

Тәулігіне 1 капсуладан тамақтану кезінде қабылдау ұсынылады.

3 жас және 5 жасқа аралығындағы балаларға капсуланың ішіндегісін суға араластырып, алынған суспензияны бірден ішкізіңіз. Линдафер плюсты қабылдау ұзақтығы - 30 күн.

1 капсуланың ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ:

Ақуыздар - 0,09 г; Майлар - 0 г; Көмірсулар - 0,06 г; Энергетикалық құндылығы - 3,3 кДж/0,8 ккал.

ҚАРСЫ КӨРСЕТІМДЕРІ:

- ББК құрамбеліктерін жеке көтере алмай.
- 3 жасқа дейінгі балалар

ЕРЕКШЕ НҰСҚАУЛАР:

- Тәуліктік мөлшерлемесінен асырмаңыз. Тағамға биологиялық белсенді қоспа алуан түрлі және үйлесімді тамақтануды алмастыру үшін қолданылмайды.

БОСАТЫЛУ ШАРТТАРЫ:

Дәріхана желісі мен мамандандырылған дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.

САҚТАУ ШАРТТАРЫ:

Жабық күйінде құрғақ және салқын жерде сақтау қажет. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ ЖӘНЕ ҚАПТАМАСЫ:

Қаптамасында 30 капсуладан, қазақ және орыс тілінде қолдану жөніндегі нұсқаулық қоса салынған.

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: 36 ай.

Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

MTK№: KZ.16.01.98.003.R.000053.01.24



MTK ұстаушысы:
BELINDA LABORATORIES LLP.,
Лондон, Ұлыбритания

Өндіруші:

Olimp Laboratories Sp. z o.o.
Пустыня 84F
39-200 Дембича, Польша

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан өнімнің (тауардың) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы:

«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал)

ҚР, Алматы қ, Аль-Фараби даңғылы 7, ЖК «Нұрлы Тау», блок 5А, офис 247

Тел: +7 (727) 978 69 71,

E-mail: cepheusmedical@gmail.com